




Ішкі жалпы өнім өсімі 6%-ға жетті



2025 жылғы қаңтар-сәуір айларында ішкі жалпы өнім 6%-ға өсті. Бұл туралы Ұлттық экономика министрлігі мен Ұлттық статистика бюросы хабарлады. Экономиканың негізгі салалары – көлік, сауда, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өсім көрсетіп, аймақтар арасындағы айырмашылықтар анық байқалды.

Көлік саласында 22,4%-дық өсім тіркелді. Бұл көрсеткіш теміржол мен құбыр арқылы жүк тасымалының артуына байланысты. Аймақтар бойынша ең жоғары өсім Түркістан облысында (21,8%), Жамбыл облысында (11,2%) және Абай облысында (14,9%) байқалды. Бұл аймақтардағы логистикалық инфрақұрылымның дамуы және жүк тасымалы көлемінің артуы өсімге ықпал етті. Құрылыс саласы 16,2%-дық өсім көрсетті. Бұл тұрғын үй және инфрақұрылымдық жобалардың артуымен, сонымен қатар құрылыс нысандарын уақтылы аяқтау шараларымен байланысты. Жергілікті әкімдіктерге құрылыс жұмыстарын үйлестіру және бағаларды бақылауда ұстау тапсырылды.

–Сауда саласы бірінші тоқсандағы 6,3%-ға қарағанда 7% тұрақты өсуді көрсетті. Көтерме сауда көрсеткіші 7,4%-ға, бөлшек сауда көрсеткіші 6,1%-ға дейін өсті. Бірқатар өңір: Түркістан облысы жеміс, көкөніс, фармацевтикалық тауар сататын кәсіпорындар есебінен 60,4%; Ақмола облысы астық, тұқым және мал азығын сататын кәсіпорындардың арқасында 44%; Шымкент дизель отынын, фармацевтикалық тауар, қара және түсті металл

сынықтары мен қалдықтарды сататын кәсіпорындар есебінен 19,8%-ға жоғары өсімді көрсетті, – деп жазылған хабарламада.

Өнеркәсіп саласында жалпы өндіріс индексі 6,4%-ға жетті. Тау-кен өндірісінде өсім 7,1%-ды құрады, бұл көмір өндірудің 11,2%-ға артуына байланысты. Өңдеу өнеркәсібі де 7,2%-дық өсім көрсетті. Мұнда тамақ өнімдерін өндіру 12%-ға, темекі өнімдері 26,3%-ға, химиялық өнімдер 11,2%-ға, машина жасау 11,2%-ға өсті. Ауыл шаруашылығында жалпы өнім индексі 3,9%-ды құрады. Бұл саладағы өсім негізінен өсімдік және мал шаруашылығындағы өнімділіктің артуымен байланысты. Ауа райының қолайсыздығы кейбір аймақтардағы өсімді шектегенімен, жалпы нәтиже оң болып отыр.

Экономист Сапарбай Жұбаевтың пікірінше, еліміздің құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Үлкен қалалардағы жаңа ғимараттар, зауыттар мен жолдар–өсімнің айқын көрінісі. Десе де, тек құрылыспен шектеліп қалуға болмайды.

–Кеңес дәуірі кезінде ірі машина жасау зауыттары болған. Біз сол дәрежеге қайта келу үшін біраз әрекет жасап жатырмыз. 10 пайыздық өсім бізге аз. Экономиканың негізгі тірегінің бірі сауда саласында да жетістік бар. Бірден 7 пайызға артқан. Нақтырақ, көтерме 7%, бөлшек сауда 6%-ға дейін өсті. Түркістан облысы жеміс, көкөніс, фармацевтикалық тауарды сату бойынша көш бастаса, Ақмола облысы астық, тұқым

және мал азығын сататын кәсіпорындардың арқасында біраз нәтижеге қол жеткізді. Ал Шымкент дизель, қара және түсті металл сынықтары мен қалдықтарын сатудан көш бастап тұр, – дейді сапаршы.

Ал экономист Расул Рымамбетов саннан сапаға көшу қажет дейді. Экономикадағы өсім тек пайыздық көрсеткіштермен шектелмеуі керек. Қазір басты мақсат–6% өсімді сақтап қалу. Экономист сондай-ақ халықтың нақты табысының артуын қадағалауды ұсынады. ІЖӨ өсімі халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етуі керек. Егер халық өсімді тек статистикадан көріп, бірақ күнделікті өмірде сезінбесе, бұл сапалы дамудың белгісі емес.

Парламент Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев ауыл шаруашылығындағы қиындықтарды естен шығармау керекін айтты. Казанцевтің пікірінше, ауыл шаруашылығы–тұрақсыз климаттық жағдайларға тәуелді сала. Сондықтан бұл секторда тұрақты өсімді қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды енгізу, ирригация жүйелерін жетілдіру және аграрлық ғылымды дамыту қажет.

Қазіргі басты сұрақ–«Экономикалық өсімді 6% деңгейінде сақтау үшін қандай ұзақмерзімді шаралар қабылданады? Экономикалық тұрғыдан әлсіз өңірлердегі жағдайды қалай жақсартуға болады? Бұған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры басқарма төрағасының орынбасары Талғат Смағұлов жауап берді. Оның айтуынша, тұрақты экономикалық өсімді сақтау үшін шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдау маңызды.

–Осы мақсатта елде бірнеше ұзақмерзімді іс-шаралар жоспарланған. Біріншіден, кепілдік қорларын дамыту қарастырылған. Кепілдік қоры–кәсіпкерлерге несие алу кезінде кепілдік қамтамасыздығы жеткіліксіз болған жағдайда, мемлекет немесе «Даму» қоры беретін кепілдік. Бұл кәсіпкерлерге банктерден несие алуды жеңілдетеді. Мәселен, бірінші кепілдік қоры кәсіпкерлерге 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларға қаржыландыру алуға мүмкіндік береді. Несие сомасының 85%-на дейінгі кепілдік беріледі. Бұл шағын және орта бизнеске, әсіресе жаңа жобаларға немесе кепілдігі жоқ кәсіпкерлерге тиімді. Ал екінші кепілдік қоры ірі жобаларға арналған (7 млрд теңгеден жоғары). Әр жобада оның ерекшеліктері ескеріледі. Бұл кепілдіктер кәсіпкерлердің несие алу мүмкіндігін арттырып, қаржылық тәуекелдерді азайтады. Банктер үшін мұндай кепілдік сенімділікті қамтамасыз етеді,–дейді Т.Смағұлов.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент Қуаныш Сұлтановқа «Отан» орденін табыстады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтановқа «Отан» орденін салтанатты түрде табыс етті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қуаныш Сұлтановты сексен жасқа толған мерейтойымен құттықтап, қайраткердің елімізді дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

«Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ел ісіне белсене атсалыстыңыз. Мемлекеттігіміздің тұғырын нығайту жолында еңбек еттіңіз. Министр, кейін Премьер-министрдің орынбасары болдыңыз. Дипломатиялық қызметте еліміздің қауіпсіздігін нығайтуға зор үлес қостыңыз. Қытай Халық Республикасында Төтенше және өкілетті елші болдыңыз, сондай-ақ Моңғолия, Вьетнам және Солтүстік Корея елдерімен қарым-қатынасты дамыту үшін табанды жұмыс істедіңіз. Сіз елімізде парламентаризм институтын дамытуға мол үлес қостыңыз. Жоғары Кеңесте депутат, Төрағаның орынбасары

болдыңыз. Одан кейін үш рет Сенаттың, екі рет Мәжілістің депутаты ретінде заң шығару ісінің бел ортасында жүрдіңіз. Өзекті мәселелерді қозғадыңыз. Қазір де қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқсыз. Сіздің қажыр-қайратыңыз, мемлекетшіл болмысыңыз, адамгершілігіңіз жастарға үлгі-өнеге болады деп ойлаймын», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қуаныш Сұлтановтың жазушылық қырына тоқталып, еліміздегі саяси және қоғамдық үдерістер жайында көптеген еңбек жазғанына назар аударды.

Қуаныш Сұлтанов елдің игілігі үшін жасаған еңбегін елеп, ең жоғары мемлекеттік награданың бірі–«Отан» орденіне лайық көргені үшін Президентке алғыс айтты.

Жастар үшін жеңілдетілген ипотека

Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегінше, жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы қатысушыларының 81%-ы жеңілдетілген ипотекаға өтініш берген.

Мемлекет жалдамалы тұрғын үй бағдарлама қатысушыларына тиімді балама ұсынып отыр – 17 өңірде «Отбасы банкімен» бірлесіп жастарға арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарлама іске қосылды.

Бастапқы жарна – тұрғын үй құнының 10-20%-ын, жылдық мөлшерлеме өңірге байланысты 5-9%-ды құрайды.

Бүгінгі таңда «Отбасы банк» АҚ филиалдарына 2026 адам жүгінді. Бұл – жалдамалы тұрғын үй бағдарламасына қатысушылар жалпы санының 81%-ы. Нәтижесінде, 647 адамға несие берілген. Қазір 321 адам баспана іздеп жатыр. Қалған қатысушылардың да төлем қабілеттілігі анықталмақ.

Мемлекеттік қызметшілердің ротациясы-кадрлық дамудың жаңа бағыты

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жұмыстары белсенді түрде жүріп келеді. Солардың бірі—мемлекеттік қызметшілерді ротациялау тетігі.

Бұл—мемлекеттік қызметшіні белгілі бір уақыт өткен соң басқа аймаққа немесе мемлекеттік органға ауыстыру арқылы кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шара.

Осы орайда, Президенттің 2024 жылғы 30 қазандағы № 687 Жарлығымен «Ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдарына» өзгерістер енгізіліп, ротацияға жататын «Б» корпусы қызметшілерінің санаттарының шеңбері кеңейтілді.

Атап айтқанда, өңірлерде С-О-2 (департамент, инспекция басшыларының орынбасарлары), D-О-2 (облыс әкімдігіне қарасты басқарма басшыларының орынбасарлары) және Е-1 (қала аудан әкімдерінің орынбасарлары) санаттарындағы лауазым иелері де міндетті ротацияға еніп отыр.

Жалпы, ротацияның басты артықшылығы—қызметшінің тек бір салада емес, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарда жұмыс істеп, жан-жақты тәжірибе жинауына мүмкіндік береді және болашақта басқарушы кадрлар үшін маңызды дайындық мектебі.

Сонымен қатар, ротация сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтуға өз септігін тигізеді. Себебі, бір орында ұзақ жылдар бойы жұмыс істеген адам сол ортада қалыптасқан байланыстардың ықпалына түсуі мүмкін. Ал ротация бұл жағдайды өзгертіп, жаңа ортада жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

Осы орайда, өткен жылы ротациялау заңнамаларына енгізілген өзгерістерден кейін, облыстағы жергілікті атқару-

шы органдарда D-О-2 санаты бойынша 7 басқарма басшысының орынбасары, Е-1 санаты бойынша 16 қала, аудан әкімдері орынбасарларының ротациялануына қатысты жұмыстар жүргізілді.

Әрине, бұл жүйенің кейбір қиындықтары да жоқ емес. Қызметкер отбасымен басқа қалаға көшуі тиіс болғанда, әлеуметтік мәселелер туындайды. Жаңа ортаға бейімделуде оңай емес. Сондықтан ротацияны іске асыруда қызметшінің әлеуметтік жағдайын ескеру маңызды.

Дегенмен, мемлекет бұл мәселелерді назардан тыс қалдырмай, ротацияға ұшыраған қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету шараларын енгізді.

Соның ішінде, ротацияланған қызметшіге ротациялық төлем жүргізу үшін Үкіметтің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 499 қаулысымен «Басқа елді мекенге ротацияланған мемлекеттік қызметшілерге берілетін ротациялық төлемдердің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтату тұру және қайта бастау қағидалары бекітілген. Демек, ротацияланған қызметшіге ротациялық төлемдер осы қағидада белгіленген тәртіппен жүзеге асыралады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметшілерді ротациялау—заманауи мемлекеттік аппарат қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Бұл кәсіби өсуге, тәжірибе алмасуға, жемқорлыққа қарсы күреске тиімді құрал. Ең бастысы—бұл бастаманың адам факторын ескеріп, әділ әрі ашық түрде жүзеге асырылуы.

Абылайхан НАУРЫЗБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Бүгін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жұмыс сапарымен Созақ ауылында болып, елдімекенде жүзеге асырылып жатқан бірқатар нысандардың құрылыс барысымен танысты. Жобалардың орындалу сапасын тексеріп, мердігер мекемелерге құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімдік тәртібіне ерекше назар аударуды тапсырды.

Сапар барысында Ж.Өткелбаев көшесінің бойында заманауи спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс аумағында болды. Жоба бұқа-



СОЗАҚ АУЫЛЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТУДА

ралық спортты дамытуға, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және

салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Кешенде көпфункционалды

спорт алаңдары, жаттығу және сауықтыру залдары қамтылатын болады.

Сонымен қатар, аудан басшысы Созақ ауылдық округі аппаратының жаңа әкімшілік ғимаратының құрылысымен танысты. Бұдан бөлек, жеке инвестор есебінен салынатын 250 орындық балабақша жобасы қаралды. Жаңа білім беру мекемесінің маңыздылығын ерекше атап өтті. Жаңа балабақшаның құрылысын жақын уақытта жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұған қоса алдағы уақытта ауылдан жаңа саябақ салынатын аумаққа барып, жауаптыларға жобалау және абаттандыру жұмыстарына қатысты нақты тапсырмалар жүктелді.



“Харекет” қоры көпбалалы отбасына 1373-ші баспанасын сыйлады

Қайырымдылық-жүректен шыққан ізгілік. Осы ұстанымды ұран еткен «Харекет» қайырымдылық қоры елге сүйінші жаңалық жеткізді. Қор аудандағы көпбалалы отбасыға 1373-ші баспанасын табыстап, үлкен қуаныш сыйлады.

жайлы орта қалыптасқан. Сонымен қатар, отбасының өз кәсібін дамытуына мүмкіндік беру үшін арнайы қосымша жай да қарастырылған.

Үй иесі — көпбалалы отбасының анасы қуаныштан көзіне жас алып, жомарт жан-



Баспана табыстау рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов арнайы қатысып, ізгі тілектерін арнады. Қор жұмысына жоғары бағасын беріп, қоғамдағы бірлік пен жанашырлықтың маңызын атап өтті.

Табыс етілген үй заманауи тұрмысқа қажетті жабдықтармен жасақталған. Су, жылу сияқты негізгі коммуналдық жүйелері толық жүргізілген. Үйдің айналасы қоршалып,

дарға шын жүректен алғыс айтты. «Баспаналы болғанымды естігенде қатты қуандым. Қиын күндер артта қалып, балаларымызға жарқын болашаққа жол ашылғандай болды», — деді.

«Харекет» қоры 2017 жылдан бері еліміздің түкпір-түкпірінде баспанаға мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетіп келеді. Бүгінге дейін мыңдаған отбасының баспаналы болуына себепкер болды.

«Отаным менің - Қазақстан» патриоттық әндер байқауы өтті

1 мамыр—Қазақстан халықтарының бірлігі күніне және Ұлы Отан соғысы жеңісінің 80 жыл толуына орай, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен, мүгедектігі бар азаматтар арасында «Отаным менің - Қазақстан» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өтті. Байқау барысында әлеуметтік орталықтың директоры Оспанов Марат Әбілқайырұлы ашып беріп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқаудың мақсаты жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу. Өзінің және қоғамның болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуіне мен дүние танымды қалыптастыру болып табылады.

Патриоттық әндер байқауына 5 үміткер қатысып, бақтарын сынады. Байқау қорытындысында әділ қазылар алқасының шешімімен патриоттық, әнін орындау талабына сәйкес жоғары бал жинап, бірінші орынды Маханова Айсара жеңіп алса, екінші орынды Дәмен Даулет қанжығасына байлады. Үшінші орынды Сыздықова Гүлзия апамызға бұйырды.

Қалған қатысушыларға белсенділік үшін алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Арсланбек ТҰРСЫНБАЕВ,
Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік маман.

Кемелұлында кітап күні аталып өтті

Оқырмандарымыз білетіндей биылғы жылы алғаш 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай ауданымызда түрлі іс-шаралар болып өтті. Сондай іс-шаралардан бірі Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін МКМ де орын алды. Нақтырақ айтсам, мектепте кітаптың құндылығын насихаттауға бағытталған бірқатар танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушы-



лығын арттырып, әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту. Іс-шараны мектеп директоры М.Маманов, Қазақстан Жазушылар және журналистер Одағының мүшесі Мақсат Қарғабай құттықтау сөзбен ашып беріп, оқушыларға кітап оқудың маңыздылығын айтып, кітап оқуға шақырды. Ұйымдастырылған іс-шараға ауыл әкімі Жүсіпов Данияр, ардагер ұстаздар Т.Жаулыбаева, С.Егенбердиева, Ж.Орынтаева, З.Науанова, Г. Көпбергенова, Р.Рысжан ағай, ауыл имамы Нағашбек Мақсат шақырылып олар өздерінің кітапқа деген сүйіспеншілігі жайлы әсерлі әңгімелер айтып, жас ұрпаққа тәлім-тәрбиеге толы өнегелі кеңестер берді. Ардагерлердің қатысуы бұл күннің маңызын арттырып, оқушыларға ерекше рух сыйлады және түрлі сұрақтар мен ойындарға қатысып оқушыларға көптеген үлгі өнеге көрсете білді. «Әдеби лото» ойыны арқылы оқушылар қазақ әдебиетінің танымал шығармалары мен авторлары туралы білімдерін ортаға салды. Бұл ойын логикалық ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық көзқарас қалыптастырды.

«Мақал-сөздің мәйегі» сайысында қатысушылар қазақтың дана мақал-мәтелдерін тауып, мағынасын ашу арқылы тіл байлықтарын көрсетті. Бұл бөлім оқушылардың ауыз екі сөйлеу дағдысын шыңдап, халық даналығына деген құрметін арттырды.

«Бәріміз кітап оқимыз» ұранымен өткен кітап оқу сағатында әр сыныптан оқушылар сүйікті кітаптарынан үзінді оқып, ой бөлісті. Бұл сәттер кітаптың адам өміріндегі маңызы жайлы сыр шертіп, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға сеп болды. Іс-шара соңында белсенділік танытқан оқушыларға мақтау қағаздары мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұлттық кітап күні – жас ұрпақтың рухани байлығы мен мәдени танымын арттыруға бағытталған жарқын мереке.

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.

Ұлы жеңістің 80 жылдығына орай, А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің акт залында өткен іс шараның тақырыбы осындай болды. Мамыр айының 5 күні өткен бұл іс шараға: Ата-аналар комитетінің төрайымы Райхан апай, аудандық әжелер ұйымының төрайымы Маруаш Қайыржанова апай, ардагер ұстаз Байділдә Айдарбеков және ата-аналар арнайы қонақ ретінде қатысты. Шараны жүргізуші жылған меймандар менен оқушыларға кешегі Кеңес өкіметінің құрамында болған, қазіргі ТМД-ға мүше елдердің барлығына ортақ осы бір мерекеге себеп бабалар ерлігі жайлы есті, естелік әңгімелер айтып, құттықтау үшін арнайы келген меймандарға ке-



Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран

зегімен сөз берді. Меймандардың Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-апаларымыздың тек тағзымға лайық ерліктері жайлы әсерлі әңгімелерін оқушылар менен ата-

аналар тұщынып тыңдап отырды және қошеметпен қолдап отырды. Іс шара барысында саз мектебінің ұстаздары менен оқушылары дайындаған, 9 мамыр Ұлы

Отан соғысының 80 жылдығына орай мерекелік қойылымдар қойылып, ән айтылып, билер биледі.

Нұрсұлтан ҚАНАТУЛЫ.

Батылдық пен білімділік соқпағы

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында аудан орталығындағы Асқар Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің базасында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институтының директоры Б.Есенгельдиновтың ұйымдастыруының арқасында 21.04-02.05.2025ж. аралығында Созақ ауданының жинақ-

мізде жүрген көп сауалдардың жауаптарын алдық, жалпы білім беру мазмұнының өзгешелігімен, ерекшелігімен таныстық. Небәрі екі апта көлемінде теориялық біліммен сусындатып, алған білімді тәжірибеде қолдана білудің егжей-тегжейін түсіндірген «Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы бойынша «Қоғамдық гуманитарлық бағыттағы» кафедрасының аға оқытушысы,

тәсілдерін бере отырып, мұғалімнің бағыт беруші, сабақты ұйымдастырушы менеджер-көшбасшылық рөлімен де таныстырып отырды. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру ба-

Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Осы тұрғыда ұстаздардың айқын мақсатына қанат бітіріп, біліктілігін арттыруда өзінің сүбелі үлесін қосып жүрген осындай тағылымы мол тренерге айтар алғысымыз шексіз. Енді тек курстан алған білім-білігімізді шәкірттерімізге сіңіру жолында жемісті еңбек етуге тырысамыз деген ойдамыз. Топ тренері тарапынан ұйымдастырылатын ширату жаттығулары, тілді меңгертудің табиғи тәсілдері, тілдік ортаға енгізу арқылы негізгі алты пәнді үйрету сияқты жаңашыл, өміршең идеялар мұғалімдерге тың серпіліс әкелді. Біздің білімге деген құштарлығымызды арттырып, дәріс берген тренеріміз Ильясова Гульзираға айтар алғысымыз мол!

Курс аясында білімімізді одан әрі шыңдай түстік, әр сабақ тартымды, қызықты өтті. Қорыта айтқанда, аталмыш бір тұтас тәрбие бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру және ұлттық мүдде, ар-ұят, талап секілді құндылықтарды оқушы бойына сіңіре отырып жақсы ұғымдарды қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп.

**Гүлназ ДАЙРАБАЙ,
Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.**



талған шағын елді өңірлерден бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен «Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру» тақырыбында курсынан өттік. Курста 25 тыңдаушы болды. Батылдық та, ептілікті те, шыншылдық та бала бойында бастауыш сыныптан қалыптасады. Ал білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, жемісті еңбек ете алады деп ойлаймын. Көшпелі қысқа мерзімді курста біліктіліктерімізді арттыру аясында көкейі-

курс тренері Гульзира Бахытбекқызының шеберлігіне тәнді болдық. Курс аясында білімімізді одан әрі шыңдай түстік, әр сабақ тартымды, қызықты өтті. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары мен құндылыққа бағдарланған тәсілдерді жүзеге асыру аясында оқушылардың шынайы проблемаларын анықтап тәрбие бағытындағы бірнеше тәжірибелік жұмыстардың жолын жасауды меңгертті.

Сонымен қатар, топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру, сыни тұрғысынан ойлауға, функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған жаттығу жұмыстарын ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-

рысында көз жеткіздік.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістері мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, қыңделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ.

Абайдың ақындық, аудармашылық және саясаткерлік қырларын бір ғасырдан артық уақыт білім ошақтарында оқытып, өскелең ұрпақтың жадына сіңіріп келдік. Нәтижесі де жоқ емес, басқаны қойып кез- келген балабақшадағы бүлдіршіннен Абай жайында сұрай қалсаңыз шежіресін тарқатып, өлеңін оқып, әнін шырқап бере алатын деңгейге жеттік. Дегенмен, Абайдың күткені, алдына мақсат еткені бұл емес еді. Олай дейтінім, Абайдың бұл қырлары қазақ баласының тек дүние тіршілігінде ғана бақытқа жетуіне жеткізетін мұра еді. Ал енді, кешегі, бүгінгі және ертеңгі қазақ баласының дүниенің ғана емес, ақыреттік бақытқа жеткізуге себеп болатын ол Абайдың хакімдік қыры. Тек, Абайдың хакімдік қырын зерттеп- зерделеу, дүние- ақыреттік пайдасын ұғынып, ұрпақ тәрбиесіне жаратуды оның мол мұрасын зерттеп жүрген ғалымдарымыз еліміз егемендігін алған кезеңдерден бастап қана қолға алды. Сондай, ғалымдардың көшін күні кеше ғана келместің керуеніне ілескен Мекемтас Мырзах-



қазақты кришнаит ету секілді арамза пиғылдың жатқанын аңғару қиын емес.

Иә, кез-келген халықтың, ұлтпен ұлыстың қадір-қасиетін анықтайтын бірнеше факторлар болатынын үнемі айтып, жазып келеміз. Дана халқымыз оны «бес анық»-деп атайды. Ол сол халықтың: 1.Тілі 2. Діні 3. Дәстүрі 4.Тарихы. 5. Атамекені.

Мұнымен қатар ұлттың рухани деңгейін, сол ұлттың озық ойлы адамдарының рухани деңгейімен анықтауға болады. Мысалға: Неміс халқын сөз етсеңіз тіліңізге бірден Гетенің есімі оралады. Пушкинсіз орыс халқын елестету мүмкін емес. Ал біздің қазақ айтады: «Абай десе- қазақты танысың, қазақ десе- Абайды танысың», - деп.

Демек, бұл сөз текке айтылмаса керекті. Өйткені «қара сөздерін» оқып отырсаң, Абай қазақ жанының дәрігері іспетті көрінеді. Әуелі науқасыңды дәл тауып, диагнозын қойып береді де, онан соң аямастан ащы дәрілерімен емдейді. Еш қарсы дау айта ал-

Демек сөз арасы былғанбауы үшін-сол ғылыми категорияға сүйену қажет. Әуелі деген-табан тірер негіз, тұғыр, куәсар бұлақ. Ендеше бізсол әуелгіАбай сөзімен үңіліп көрейікші.

Әуелі аят, хадис-сөздің басы, Қосарлы бәйітмысал келді арасы. Қисынымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Бұл жердегі аят-сөзі құранның бір бөлігі. Ал хадис-пайғамбардың сөзі, істеген іс-амалы. Құран, хадис-абсолют шындық, «рас»-деген сөз. Бұл турасында данышпан Абай:

«Алланың өзі де рас,сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» -дейді.

Осы арада ақын «рас» деген түсінікпен нені айтқалы отыр? Сонымен бірге «Алланың өзінің ғана емес, сөзі де рас»-деп нені меңзеп отыр?- деген орынды сауал туындайды.

Растың бір-ақ мәні бар, ол-оның растығы. Бұл «Рас» ұғымының бірінші қыры. Абайдың өлеңнің екі жолында «рас» ты үш рет қолдануының сыры тегін емес. Ол, өлеңді қабылдаушының ойына өріс бер-

Абай мұрасы тәрбие мұраты

метов абызымыз бастап, жерлес ағамыз Жабал Шойынбет абыроймен қостап келеді. Міне сол, Мекемтас атамыз бенен Жабал ағамыз бастап, қостаған көш Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын үш кезеңге бөліп қарастырады:

- 1.Балалық шағы
- 2.Жастық шағы
- 3.Әбден толысып, хакімдікке жеткен шағы

Менің бүгінгі тоқталғым келіп отырғаны да осы Абай өмірінің соңғы кезеңі, хакімдік қыры.

Осы орайда, Назарбаевтың бір сөзінде: Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: Бірі-бейбітшілікті екіншісі-руханиятты, үшіншісі-табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес,бүкіл әлемнің болашағы байлаулы» дегені әлі есімде. Сондай- ақ, 1846 жылы Қазан қаласында араб әрпімен жарық көрген «Шариатул Ислам» (Мұсылманшылықтың тұтқасы) атты еңбегін жазу себебін түсіндіре келе халқымыздың дарынды перзенті, әйгілі ағартушы Ыбырай Алтынсарыұлы: «...біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамед пайғамбар (с.с)-дың шариғатын үйрене бастап, осы оқу құралын құрастыруға кірістім», - дейді.

Ал, Қазақ ұлтының тағы бір дарынды ұлы, ғұлама-ойшыл Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы өзінің «Мұсылмандық шарты» кітабын жазу мақсатын былай түсіндіреді:

Өлшеусіз сансыз ғаламды басынан жоқтан бар қылған құдыретінде өлшеу жоқ,теңдес серігі жоқ, мінсіз Алла тағалаға сансыз разылық шүкір, мұнан соң Алла тағаланың абзал жаратқан ақыр заман пайғамбары Мұхаммед Мұстафа Саллаһу Ғаләйһи уә сәлләм хазіретіне салауат мұның соңында ей, достар!Алла тағала барша адам баласын бір Алла тағаланың барлығын, бірлігін, һәм өзін жаратқан иесі екенін біліп иман келтіріп, құлшылық қылсын деп жаратқан. Аятта: Жын менен адамдарды маған ғана құлшылық қылсын деп жараттым!» деген (26 пара, «Зиярат сүресі»).

Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан естіп білген шығарсыздар. Олайда болсабіздің қазақ халқының өз тілімен жазылған кітап жоқ болған соң

араб, парсы кітапты білмек түгіл, ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман ғибадат турасында шамам келгенше қазақ тілімен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазақ оқуға оңай болып әрі оларға пайда, әрі өзіме сауап болармаекен деп Алла тағаланың рахметінен үміт еттім. Әмин!

Енді бұрын иман турасын анықтап білу керек. Сол себептен ұлы иман турасын шамам келгеншеұқтырайын...»-деп осы еңбегімді жазып шықтым қазақ халқының Ыбырай Алтынсарыұлы, Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы секілді қаншама дарынды ұлдарының адамгершілік тәрбиесін басты нысана ете отырып Ислам дінінің мән-мақсаттарымен таныстыратын әлі де көптеген еңбектері ғасырлар бойы бірнеше толқын ұрпақтың танымынан тыс қалып, мәдени қазынамыздың қорына қосылмай келеді,

Иә, заман тынысы, уақыт талабы осыған дейін тарих тереңінде қалған рухани мұраларымыздың қандайына болсада зердемен қарап, ұрпақ игілігіне жарататын мезгілдің жеткенін дәлелдеп отыр.

Кел жастар, біз бір тура жол табалық,

Арам айла, зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берелік

Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал енді олай болса кімді аталық, Қазақта қай жақсы бар, көз саларлық.

Шын іздесек табармыз шыны ғалым.

Жалыналық Абайға жүр баралық-деп

Шәкәрім қажы Құдайберді ұлы айтқандай мен де енді қарап қалмай, шын іздеп, шыны ғалым, қазақтың жақсысы, данышпан (хәкім) Абайдың рухани мұрасына тоқталып, зерттеп, ақынның біздер біле бермейтін хакімдік (данышпандық), діндарлық және ғалымдық қырын зерттеп танысып, келер ұрпақтың кәдесіне жаратсам деген байламға келдім.

Сонымен қатар, қазір қоғамымызда Абай тақырыбына қалам тартушылардың саны күн сайын көбейіп келеді. Олардың да пиғылы әртүрлі. Ең сорақысы өз қандастарымыздың данышпан Абайды «кришнаит», яғни кришна дінін ұстаушы еді, деп көрсеткісі келуі.

«Абайды таныған-қазақты таниды, қазақты таныған-Абайды таниды» деген қанатты сөзге сүйенсек, Абайды кришнаит етудің артында, исі

майсың. Себебі, өз ауруыңды өзің анық білесің. Халқымыз айтады: «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады»-деп. Ал Абай қазақтың досы. Достығының белгісі емес пе? Абай былай дейді:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзің сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Әйтпесе, Дулат, Махамбет секілді тағы да басқа ақын- жырауларымыздың ақындық қуаты Абайдан кем болды деп айтуға аузым бармайды. Абайдан басқа халқымызды ерекше сүйетін перзенті болмады, деп айтудан аулақпын. Сөйтсе де неге Шаһәрімқажы неге:

«Қазақта қай жақсы бар, көз саларлық»,

Шын іздесек-табармыз шыны ғалым!

Жалыналық Абайға, жүр баралық», -

-деп өзінің ағасы, ұстазы Абайды нұсқайды? Өйткені Шаһкәрім қажы айтқашы, Абай шыны ғалым, анық хакім.

Абай айтады: «Әрбір ғалым-хакім емес, әрбір хакім-ғалым», - деп.

Ғалымдарының насихаты нақлиясы бірлән мұсылман иман хақлиди кәсіп қылады. Хакімдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман яқини(айқын) болады. Бұл хакімдерден мұрат, мұсылман хакімдері, болмасағайри діннің хакімдері- әгерше талап қылсаң табарсың делінсе де, дүниенің һәм адамғылығының өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына (тура дінді тануға) жете алмағандар.

Ал енді Абайдың хакімдік қырын тану үшін, оның ақындық қырына тоқталып өтейікші:

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Төп-тегіс жұмыр келсін айналасы. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол-ақынның білімсіз бейшарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі надан. Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы»,

-деп ақын өзі жырлағандай, сөз арасы былғанбас үшін ақын әуелі білім иесі, шынайы ғалым болуы тиіс. Яғни айтушы да, тыңдаушы да-білімді болуы керек екендігін ескертті.

Абайдың хакімдігінің сыры да сол ғалымдығында, білімділігінде. Ал ғылымға тән нәрсе жүйелілік, әр-нәрсенің ретін білу. Абайсоның ретін табады. Ал енді сол жүйелілікті, реттілікті табу үшін әуеліне керек?

Әуелі неден бастау керек? Әуелі деген-бұл ғылыми-философиялық категория.

гендік. «Алланың өзі ғана рас емес, сөзі де рас». Ақылың бар, сана-сезімің бар, ойлан, түсін. Алладан басқа қандай расың бар. «Алланың өзі де рас,сөзі де рас»-осылай өткен тарихта болған, қазірде солай, болашақта да солай бола бермек.

«Рас» сөзі бұл мәнінде мәңгіліктің өлшемін білдіреді. Ал рас-демек, ол-мәңгілік шындық, оның растығы-мәңгіліктігінде. Бұл растың екінші қыры. Қысқасы расты, хақты мойындау-Алланы мойындау.

Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,

Бендесіне қастықпен кінә қойма.

Распенен таласпа мүмин болсаң, Ойла айттым, адамдық атын жойма!

Үшінші жолдағы «распен таласпа»-деп отырғаны ақынның Алла сөзіне күмәнданба дегені. «Әуелі аят, хадис сөздіңбасы»-деп Абайдың өзі айтқандай, ақындығының, ғалымдығы мен хакімдігінің негізі, тұғыры, кәусарбұлағы «Құран мен хадис» болады.

Шынында, өз заманынан бері Абай тақырыбына көптеген еңбектержазылды. Біреулер Абайды батысшыл, енді берулер шығысшыл ақын етіп көрсеткісі келді. Дегенмен, мұның расын, ақиқатын Абай өзі былай деп айтып, нүктесін қояды:

Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ,

Мүмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ.

Құран рас, Алланың сөзі дүр ол, Тәуілін (ақиқатын) білерлікғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз. Пайда, мақтан, әуесқой- шайтан ісі,

Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Сонымен, данышпан Абайдың қазіргі қазақ жастарына танылмай келе жатқан жасаша бір қыры-хакімдік қыры екенін жоғарыда айттып өткен болатынмын. Сол себепті де оның хакімдік қырын танып білу үшін ақындық қырына біршама бойлап бақтым.

Ал енді, Абайдың «қара сөздері» не кезек берейін. Себебі, Абайдың өзі «Әрбір ғалым- хакім емес, әрбір хакім-ғалым», -деп осы қара сөздерінде айтады. Демек, хакімдік тек мұсылман ғалымына ғана тән сипат. Тек мұсылман ғалымы ғана халқын осынша сүйіп, оның дүние- ақыреттік бақыты үшін тура жол көрсетуші құранды және Алланың ардақты елшісінің хадистерін тұқынып оқып, зертеп, артындағы ұрпағына теңдесіз мұра етіп қалдырады.

Данияр БЕКОВ,
(Жалғасы бар).

Қазақ халқы ежелден қыз баланы ерекше құрметтеген. Қыз – ұлттың ұяты, отбасының берекесі, болашақ ұрпақтың тәрбиешісі. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ қыздары тек инабатты ана ғана емес, ел қорғаны, дана билеуші, шешен сөздің иесі де болған. Олар ұлттық құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу-

адалдықтың символына айналған ару. Оның есімі ғасырлар бойы қазақ мәдениетінде сақталып келеді.

3.Гаухар ана–Қаракерей Қабанбай батырдың жары, өзі де ерлігімен танылған батыр қыз. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қолына қару алып, ерлермен бірге соғысқан.

4.Бопай ханым– Әбілқайыр-

сіңген қазақ қыздары

10.Нәзипа Құлжанова– қазақ қыздарының білім алуына үлес қосқан ағартушы, педагог, қоғам қайраткері.

11.Шара Жиенқұлова–қазақтың тұңғыш кәсіби балеринасы, ұлттық би өнерін дамытқан.

12.Дина Нұрпейісова – күйші, Құрманғазының шәкірті, қазақ

Қазақ қыздарының ұлттық тәрбиедегі рөлі

де маңызды рөл атқарды.

Бүгінгі заманда да қазақ қыздарының ұлттық тәрбиедегі рөлі аса маңызды. Қыз бала тек ана ғана емес, ол – ұстаз, дәрігер, ғалым, кәсіпкер болып, елдің дамуына үлес қосады. Дегенмен, заман өзгерсе де, қазақ қызына тән ибалық, ар-намыс, ізгілік сияқты қасиеттер әрдайым өз құндылығын жоғалтпайды.

Қазақ қыздарының тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Сол себепті ұлттық дәстүрлер мен тәрбиені жаңғырту, оларды қазіргі қоғамға сай үйлестіру – әрбіріміздің міндетіміз. Қыз баланы тәрбиелеу–болашақ ананы, келешек ұрпақты тәрбиелеу екенін ұмытпауымыз керек.

Елін қорғау жолында жанын қиып, ерлігімен тарихта аты қалған қазақ қыздары.

1.Домалақ ана (Нұрила) – қазақтың ұлы аналарының бірі. Көрегендігі мен ақылдылығының арқасында елдің тыныштығын сақтауға үлкен үлес қосқан. Оның тәрбиесін көрген ұрпақтан Төле бидай даналар шықты.

2.Айша бибі – махаббат пен

ханның жары, саясаткер, қайраткер. Ел басқару ісіне араласып, қазақ халқының болашағы үшін күрескен.

5.Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова – Ұлы Отан соғысының батыр қыздары.

6. Тұмар (Томирис) ханым – сақ патшайымы, аса ақылды, батыл қолбасшы. Ол өз елін парсы патшасы Кирдің шапқыншылығынан қорғап, тарихта жеңілмейтін әйел билеуші ретінде қалды.

7.Айғаным ханым–Шоқан Уәлихановтың әжесі, көреген саясаткер. Ресей билігімен дипломатиялық байланыс орнатып, халықтың жағдайын жақсарту үшін көп еңбек сіңірген.

8.Айбике ару – Орта жүздің батыр қызы. Ер мінезділігімен танылған ол ерлермен қатар шайқасып, елін қорғаған.

9.Хиуаз Доспанова–Кеңес Одағының тұңғыш қазақ ұшқыш-штурманы. Ұлы Отан соғысында «Қара мыстан» атанған түнгі бомбалаушы ұшқыштар қатарында болып, жауға қарсы ерлікпен шайқасқан.

Ғылым мен мәдениетте, білім мен медицинада еңбегі

музыка өнерінің дамуына үлес қосқан.

13.Күләш Байсейітова– қазақ опера өнерінің негізін қалаушы, КСРО халық әртісі.

Қазақ қыздары ұлттың арнамысын сақтаушы, отбасының берекесін ұстаушы ғана емес, қажет болғанда елін қорғаған батыр да, шешен де бола білді. Бүгінгі таңда да қыз баланың тәрбиесі аса маңызды. Қыз – болашақ ана, отбасының ұйытқысы ғана емес, тұтас ұлттың болашағы.

Қазақ халқының «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөзі қыз тәрбиесіне ерекше мән берілгенін көрсетеді. Қыз баланы кішкентайынан инабаттылыққа, әдептілікке, мейірімділікке баулу – ұлттық тәрбиенің негізі. Бүгінгі қазақ қыздары да ата-баба жолын жалғап, білімді, қайратты, тәрбиелі болып өссе, ұлттың болашағы жарқын болмақ.

Қазақтың ару қыздары– елдің көркі, ұлттың айнасы!

Г.БЕКЖАН,
Теолог маман.

Татулық пен бірлік- өркендеудің негізі

Биыл–Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА)негізгі мақсаты – мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыру, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылын арттыру, жалпыұлттық келісім мен бірлікті нығайту, экстремизмге қарсы күрес жүргізу, мемлекеттік тілді дамыту, сондай-ақ Қазақстан этностарының дәстүрлері мен мәдениетін сақтау.

Қазақтың байтақ даласы – 130-дан астам ұлт өкілдерінің ортақ Отаны. Барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры да татулық пен тұтастық. Түсіністік пен тұрақтылық – әрбір азамат атсалысып, әркімнің үлес қосуын талап ететін қас-терлі құндылық. Еліміздің тәуелсіз дамуының басында, күрделі экономикалық жағдай кезінде халық арасында шиеленіскен, (антипатетикалық) көңіл-күйдің күшейгенін байқағанбыз. Бәріміз осы ахуалды бастан өткердік. Бұл түрлі этностар өкілдерінің үдере қоныс аударуына себеп болды. Сол бір қиын-қыстау кезеңде 1995 жылдың 1 наурызында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Осылайша тұрақтылық пен қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін одан әрі қалыптастырудың негізі қаланды. Сол арқылы, Қазақстан өзінің табысты даму үлгісімен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімнің қаншалықты маңызды екенін әлемге көрсетті.

Татулық пен бірлік – кез келген қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды негіздері. Олар халықтар мен ұлттар арасында келісімді нығайтады, әлеуметтік байланыстарды күшейтеді, мәдениетті байытады. Татулық пен бірлік арқылы адамдар ортақ мақсаттарға жету үшін бірігіп, бір-бірін қолдайды. Адамдар арасындағы түсіністік пен сыйластық экономикалық, әлеуметтік және мәдени өркендеудің алғышарттарын қалыптастырады. Татулық пен бірлік туралы тереңірек түсінік алу үшін, олардың элементтеріне, тарихына және қазіргі замандағы рөліне назар аударайық:

Татулықтыңэлементтері:

1. «Сенім»: Адамдар арасында сенім орнату – татулықтың негізі. Сенімсіздік жанжалдарға және түсініспеушіліктерге әкеледі.

2. «Түсіністік»: Бір-бірінің мәдениеті мен көзқарасымен танысу, әртүрлілікке құрмет көрсету - татулықты қалыптастырады.

3. «Бейбітшілік»: Бейбіт өмір сүру және конфликттерді бейбіт жолмен шешу - татулықтың басты шарты.

Бірліктің элементтері:

1. «Ынтымақтастық»: Адамдар мен ұйымдардың ортақ мүдделері мен мақсаттары үшін бірігіп жұмыс істеуі.

2. «Коммуникация»: Ашық және адал қарым-қатынас бірлікті нығайтуға көмектеседі. Адамдар арасында пікір алмасу маңызды.

3. «Теңдік»: Барлық адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі - бірліктің негізі.

Тарихи аспект:

Татулық пен бірлік тарих бойына әртүрлі мәдениеттер мен халықтар арасында әрдайым маңызды болып келген. Мысалы, көпұлтты мемлекеттерде (мысалы, Үндістан, Ресей)татулықты сақтау ерекше маңызды. Тарихтағы соғыстар мен қақтығыстар көбінесе қоғамдағы бөлінушіліктен туындайды.

Қазіргі замандағы рөлі:

1. «Глобализация»: Әлемнің біртұтас болуымен бірге, халықтар арасындағы татулық пен бірлік маңызды бола түсуде. Әртүрлі мәдениеттерді түсіну және қабылдау - заманауи қоғамның басты талаптарының бірі.

2. «Конфликттерді шешу»: Көптеген халықаралық ұйымдар (мысалы, БҰҰ) татулық пен бірлікті нығайту үшін жұмыс істейді, конфликттерді бейбіт жолмен шешу мақсатында түрлі механизмдер мен бағдарламалар ұсынады.

3. «Әлеуметтік желілер»: Қазіргі технологиялардың арқасында адамдар арасында байланыс орнату жеңілдеді, бірақ сонымен қатар, кейде түсініспеушіліктер мен конфликттерді туындатуы мүмкін. Сондықтан, жауапкершілікпен және түсіністікпен қарым-қатынас жасау маңызды.

Татулық пен бірлік қоғамның негізін қалаушы факторлар болып табылады, және оларды нығайту – әр адамның міндеті.

Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ-нің теолог маманы.

Діни қызметкерлердің жастарға әсері

Қазіргі қоғамда жастардың тәрбиесі маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Әрбір ұрпақтың болашағы мен ұстанымдары қоғамның рухани әрі моральдық деңгейін көрсетеді. Сол себепті жастарды тәрбиелеу жұмысы ұлттың болашағына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, діни қызметкерлердің жастар тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Олар тек діни білім берумен шектелмей, жастардың рухани, моральдық және әлеуметтік дамуына үлкен ықпал етеді.

Діни қызметкерлер жастарға адамгершілік құндылықтарын, әділеттілік, адалдық, мейірімділік, шыдамдылық және басқаларға құрмет көрсету сияқты маңызды ұстанымдарды үйретеді. Алла мен пайғамбардың жолына бағынып, өмір сүрген адамдардың тәжірибесі мен мысалдары жастарға дұрыс жолды көрсетудің тиімді тәсілі болып табылады. Мұндай моральдық бағыт-бағдар беру жастардың дұрыс таңдаулар жасауына, келешекте жақсы азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

Діни қызметкерлердің жастар тәрбиесіндегі екінші маңызды рөлі - діни білім беру. Қазіргі заманда жастардың діни сауаттылығы қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды болып табылады. Өйткені, дұрыс діни білім алу арқылы жастардың өмірлік ұстанымдары мен моральдық құндылықтары қалыптасады. Исламдағы негізгі қағидаттарды терең түсіну,

діни білім мен ғылымның тереңдігіне бойлау-жастарды адасушылықтан және теріс идеологиялардан сақтайтын күш.

Құран мен хадистерді дұрыс түсіну арқылы, жастар исламның шынайы рухын ұғынып, радикалды ағымдар мен экстремистік идеялардан қорғанады. Өкінішке орай, бүгінгі күні экстремизм мен радикализмді уағыздайтын топтар жас ұрпақтың санасын тұмшалап, теріс бағытқа тартуға тырысады. Осы орайда, діни қызметкерлер жастарға исламның бейбітшілік, сүйіспеншілік, төзімділік және әділеттілік ұстанымдарын түсіндіру арқылы, оларға шынайы исламды жеткізуде шешуші рөл атқарады.

Сондай-ақ жастарға тек діни рәсімдер мен ғибадаттарды үйрету ғана емес, исламның рухани және адамгершілік құндылықтарын түсіндіруде маңызды. Олар жастарға діннің бейбітшілікке, өзара құрметке және қоғамдағы үйлесімділікке шақыратындығын ұғындырады. Бұл өз кезегінде экстремистік оялар мен радикалды көзқарастардың таралуына тосқауыл болады. Қасиетті Құран Кәрімнің фатх сүресінің 28-ші аятында: «Егер сендер Алланың жолына дұрыстап ұстанатын болсаңдар, онда сендерге бейбітшілік пен тыныштықтың құшағын береді».Осылайша, жастарға тек дәстүрлі діни білім ғана емес, сонымен бірге діни экстремизм мен радикализмнің зиянды тұстарын түсіндіру

қажет.

Діни білім беру, ең алдымен, терең білім мен дұрыс түсінікке негізделген болуы тиіс. Бұл жерде маңыздысы жастардың дін туралы сауаттылығын арттырып, олардың дұрыс бағытта өсуіне, ішкі үйлесімділік пен сенімділікті қалыптастыруға ықпал ету. Діни қызметкерлер жастардың діни сауатын ашып, олардың теріс ағымдар мен экстремистік идеологиялардың құрығына түсіп кетпеуін қамтамасыз ету үшін үнемі жұмыс жасауы керек.

Қазіргі қоғамда діни қызметкерлердің жастар тәрбиесіндегі рөлі өте маңызды және көпқырлы. Олар жастарға рухани бағыт-бағдар беру, діни сауаттылықты арттыру, әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу, жеке тұлғалық дамуына көмек көрсету, дәстүр мен мәдениетті ұстануға үйрету, сондай-ақ экстремизмнен сақтандыру бойынша үлкен жұмыс атқарады. Жастардың дұрыс тәрбиеленуі және моральдық құндылықтарды сақтауы қоғамның тұрақты дамуына және болашақта жақсы азаматтардың қалыптасуына негіз болады. Діни қызметкерлердің бұл жұмысы қоғамдағы рухани және әлеуметтік ахуалдың жақсаруына ықпал етеді.

Н.ӘБУХАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

-1976 жылы Шымкент педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетін бітіріп, Созақ ауданы Энгельс атындағы орта мектепке сол жылдың 16-тамызы күні аудандық білім бөлімінің басшысы Л.Бекеновтің бұйрығымен дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып орналастым. 1-қыркүйек күні түске дейін 4-класқа сабақ өткіздім. Үзіліс кезінде мектеп директоры маған: Сағат 14.00-де совхоз партком хатшысы шақырды, «барып жолығыңыз» деген соң совхоз кеңсесіне келіп, есігінде «Партия ұйымының хатшысы Тұрысбеков Сексенбай» деп жазылған есікке келдім. Ауызғы бөлмедегі хатшы отыратын үстел бос тұр. Түскі үзілістен кейін жұмысқа келмегенге ұқсайды. Сағат тура 4-00 болды. Есікті қағып, ішке кірдім. Төрте Секен, қасында совхоз директоры Сартбаев Қарахан екеуі отыр екен. Бұл кісілерді бұрыннан сырттай танытынмын. Секен: «Кел-кел, мына жерге отыр» деп орындықты нұс-



ылға қарай келе жатқанда сол жолы машина жолдан шығып кеткен маңайға жақындағанда: «Аман, сол жолы екеуімізді құдай сақтады-ау ә» демесі бар ма? Мұндай әулие кісіні көрмедім. Мені састырмаймын деп көзін жұмып отыра беріпті. Басқа біреу болса ұрысып, балағаттап, жер-жебіріме жетер еді» деп айтып отырғанын естіген едім.

1999 жылы ақпан айында Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Қазатомөндіріс» АҚ-на қарасты РУ-6 мекемесіне тексеруге барып, бір ай болдым. Осы мекеме директорының орынбасары Ахметов Жақсылық екен, бұдан сол ауданның «30 жылдық» совхозының директоры, Шиелі атқару комитетінің төрағасы қызметтерінде болған кісі. Секен «Қаратау» совхозының директоры болып жұмыс атқарған 1985-1992 жылдары Шиелі ауданы жақын болып, мал азығын дайындау жұмыстарына көп араласып, Секеннің жанұясымен де жақын болып кет-

Ауыл жастары Секенге ұқсағысы келетін

қады. Мен отырған соң Секен сөз алып: «Қареке, Тұрмаханов Абай осы жігіт. Өмірбаянымен танысып, өзін шақыртып отырмын»-деп алды да: «Совхозда комсомол комитетінің хатшысының орны бос, сол орынға сені ұсынғалы отырмыз. Қалай, осы жұмысты атқара аласың ба?»-деп өзіме қарап тоқталды да, артынша: «Білмегенімді айтып, жан-жақты көмек беріп отырамыз» деген Секеннің сөзін қоспаған Қарекен де: «Жассың, оқуды енді ғана аяқтадың, бұл жауапты жұмыс. Студент кезінде шашың өсіп жүретін еді, алғызысың ғой?»- деп күлді. «Енді мұғалім болды, үлкен өмір басталды. Жастарға қарап еліктеп, шашын өсірген шығар. Қызметке орналасқан соң басқаша өмір бастайды. Қалай өзің не айтасың?»-деді. «Мен барынша күш-жігеріммен жұмыс атқарып, сенімдеріңізді ақтауға тырысамын»-деп, келісім беретінімді айттым. Сол күні Секеннің айтуымен аудандық комсомол комитетіне келсем, бар құжаттар дайындалып қойыпты. «Жуантөбе» комсомол комитетінің хатшылығына ұсынылған «Еңбек Қызыл Ту» орденімен бұрын шопан болып жүргенде марапатталған Қоңырбасов Жақсыберген деген азамат екеуімізді облыстық комсомол комитетіне жіберді. Қыркүйектің 2-5 жылдызы аралығында облыстық комсомол комитетінің нұсқаушылығымен әңгімелесуден өтіп, соңында облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Р.Ыбыраевтың қабылдауында болып, екеуіміз екі совхоз комсомол комитетінің хатшылығына бекітіліп қайт-

тық. Естен кетпейтін жағдай, осы жұмысқа келгенде Секен шақырып: «партия ұйымы мен комсомол ұйымының жұмысы ұқсас. Сен жастармен тығыз жұмыс жүргізсең, мына іс-қағаздармен таныс» деп бір жылдық партия ұйымының мәжіліс отырысы мен жиналыстарының құжаттарын көрсетті. Әр жиналыс материалдарының бетіне хаттамасы қойылып, жеке-жеке кітап болып бетіне тігілген. Осы материалдарды оқып танысып, жиналыс құжаттарын солай дайындап, үйренуімен септігі тиіп, комсомол ұйымының жұмысына көндігуіме үлкен көмегі болды. Ауданда өтетін бюроларда, конференцияларда, жиналыстарда сөйлейтін сөзімді алғашқы жылы алдын-ала Секен оқып, түзеп беріп отыратын.

Энгельс атындағы совхоз ұжымы сол жылдары аудан көлемінде бірнеше жыл бойы бірінші орында тұрды. Бұл сол кездегі партком хатшысы Тұрысбеков Сексенбай, совхоз директоры Сартбаев Қарахан, кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Баймағанбетовтердің басшылығының арқасында жеткен жетістіктері еді. Секен партком хатшысы болып жүргенде жұмысшылардың, шопандардың жанұясымен жақын араласып, көпшілігі Секенді бірі аға, бірі іні ретінде үйіне шақырып жүретін еді. Солардан марқұмдар Әуелбеков Нағашбек, Асанов Тынысбек, өзгелері де өле-өлгенше Секенге іні болып, жақын араласып кетті. Сол жылдары комсомол ұйымы хатшылары арасында, жиналыстарда, күнделікті өмірде, жақсы сөйлейтін

партком хатшыларына еліктеп, сол кісілердің сөз мәнеріне ұқсап сөйлеу үрдісі болып, өздігімізді сол кісілерге ұқсап тәрбиелене бастағанымызды білмей қалыппыз. Бізге: «Осы сендер Секенге ұқсап келе жатырсыңдар» деген кейбір азаматтардың сөзінен кейін өзіміз де сезе бастаған едік. Алдымыздағы осы Секен секілді партком хатшыларына үлгі алған біздер, яғни сол кездегі комсомол ұйымының хатшылары өмірден үлкен тәрбие алдық деп сенеміз.

Бірде жанармай таситын машина жүргізушісі Нақыпов Аман деген азаматпен бірге Шымкенттен май алып қайттық. Ол маған мына бір әңгімесін айтып берген еді. Бір жолы Секен де бір жиналыстан қайтқан екен. «Ол кезде көлік аздау. Шымкенттен совхоз басшылары да бізбен барып қайтатын. Сол жолы да кеш қайтады. Түн болып кетеді, таңертең ерте кеткенбіз, шаршап, көзімізге ұйқы тығылып келеді. Секен де шаршаған болуы керек, қалғып отыр. Көзім жұмыла берген соң көзіме күкірт шиін қыстырып қойдым. Бір кезде көтеріңкі жолдан машина түсіп кетіп, қисалаңдап аударылуға сәл қалғанда оянып кеттім да рөлді түзеп, арғы бетке шығып, одан алда кездескен жолмен қайта үлкен жолға шықтым. Ұйқым шайдай ашылып кетті. Секенге қарасам әлі қалғып отыр екен. «Бұл кісі білмей қалды ғой, әйтпесе, ұрсып жұмыстан босап кететін едім, құдайға тәуба»-деп бұл оқиғаны ешкімге айтпадым. Содан келесі жылы тағы бірде Секен екеуіміз ау-

кенін айтып еді. Жақында «Тайқоңыр» елді мекенінен орыс азаматы маған хабарласып, Секенді сұрады. «Волковгеологияның» бас директоры Сушко Сергей Михайлович қайтыс болды. Секенмен жақын араласатын, соны хабарлайын» деп едік деді. Сергей Михайлович «Тайқоңыр» кен өндіріс орнын басқарып, Секен «Қаратау» совхозының директоры болып жұмыс істегенде жақын араласып, совхоз шаруашылығын жүргізуге көп көмек көрсеткен екен.

Секеннің үйінде Манат, Сағат деген екі қыз болды. Бұлар ағаларының қыздары екенін көпшілік кейін білді. Ұрзада жеңгеміздің арқасында бұл қыздардың Секеннің ағасының қыздары екенін білінбейтін. Күні бүгінгі дейін әке-шешелерінің емес өздерін Секеннің қыздары секілді сезінетін. Үлкен Манат екеуіміз 1977 жылы үйленіп, отбасын құрдық. Жеңгесі Ұрзаның қонақ күтуі, елмен араласып, сыйласуынан тәрбие көріп өскеннің пайдасын өмірде көп көргенін айтып отырушы еді.

1997 жылы Оқу министрінің бұйрығымен ауданда алғашқы мұғалімдердің бірі болып, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Секен мен Ұрзада жеңгеміз қай ауылда қызмет істесе де сол жердегі қарапайым отбасыларды жақын тартып, көмек беріп, туыстай болып кететінін ел аузында көбірек айтылып жүреді.

Абай ТҰРМАХАНОВ,
Ішкі істер Министрлігінің
Құрметті ардагері.

Жуантөбеде ақын шығармашылығы ұлықталды

Жуантөбе ауылында жергілікті ақын Құрманбек Әжентайұлының «Өнерім-Өмірім» атты шығармашылық кеші өтті.

Шығармашылық кеш барысында Жуантөбе ауылының әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы аудан әкімінің арнайы құттықтауын тапсырып, ақын иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Шараға аудан көлемінен келген ақындар қатысып, Құрманбек Әжентайұлының шығармашылығына арналған жүрекжарды тілектерін білдіріп, жыр арнады. Бұл-кештің мәртебесін арттырып, поэзия сүйер қауымға айрықша әсер сыйлады.

Кеш барысында ақынның «Өнерім-Өмірім» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Құрманбек Әжентайұлының жүректі тербеген жырлары



оқылып, әсерлі әндер орындалып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл-бір ғана кітаптың тұсаукесері емес, өнерге адалдықтың, туған жерге деген махаббаттың және руханиятқа деген құрметтің жарқын көрінісі болды. Құрманбек ағаның шығармалары ауылдың тыныс-тіршілігімен, қазақы болмыспен астасып жатыр. Бұл кеш-өскелең ұрпаққа үлгі, барша жұртқа рухани демеу болды.

Құрманбек аға-туған топыраққа деген сүйіспеншілігін өлеңмен өрнектеген ақын. Ақын ағаға шын жүректен шығармашылық табыс, сарқылмас шабыт, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Өнер мен сөздің өрісі кең болсын!
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Репродуктивті денсаулық- бұл аурудың болмауы

Репродуктивті денсаулық - бұл халық пен даму жөніндегі Халықаралық конференцияның анықтамасына сәйкес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жай-күйі ғана емес, сонымен қатар репродуктивті жүйеге және оның функциялары мен процестеріне қатысты барлық мәселелерде аурулардың болмауы.

Репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторларға мыналар жатады:

- аборт;
- жаман әдеттер;
- жыныстық жолмен берілетін аурулар;
- дұрыс тамақтанбау;
- жасы;
- психосоциалдық жағдай;

- экологиялық жағдай;
- денсаулық мәселелері.

Репродуктивті жүйенің ауруларының алдын алу және емдеумен репродуктивті денсаулықты қорғау маман-

дары айналысады. Репродуктивті денсаулықты сақтау дегеніміз - сау ұрпақты көбейту функциясын қалпына келтіруге және сақтауға көмектесетін бірқатар шаралар.

Мұндай шараларға мыналар жатады:

-салауатты өмір салтын ұстану және жаман әдеттерден бас тарту;

-жыныстық өмір ережелерін сақтау;

-жүйелі түрде тест тапсыру және жыныс жүйесінің денсаулығын бақылау;

-демалыс пен еңбек арақатынасын сақтау, стресстен аулақ болу және қалыпты психоэмоционалды күйде болу.

М.ҚОЙЛЫБАЕВА,
Созақ аудандық орталық емханасының Салауатты Өмір Салтын Қалыптастыру медбикесі.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін алу үшін қайда және қашан хабарласуға болады?

-БЖЗҚ-дан зейнет жасына толға байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы хабарласуы қажет. Мұны зейнетжасына 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте өтініш берілген күн болып өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күні есептеледі. Егер алушы зейнет жасына толғанға дейін ертерек жүгінген болса-зейнет жасына толған күнөтініш берілген күн болып есептеледі. Әсіресе, бюджеттен төлемдер алу үшін уақытылы жүгінген аса маңызды, себебі оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар негізінде еңбек өтілі тексеру қажет.

-БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар мүгедектік белгіленген жандарға қайда хабарласу қажет?

-Мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, eprf.kz сайтындағы не БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мүгедектігі бар адамдар үшін үйінде/жұмыс орнында қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда бармай-ақ алу мүмкіндігі тексеріледі.

-55 жасқа толған, олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген тұлғаларға қайда хабарласу қажет?

-55 жасқа толған, олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген тұлғаларға міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері арнаулы әлеуметтік төлем тағайындау шеңберінде проактивті қызмет көрсету арқылы не жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ банк шоты туралы мәліметтерді ұсына отырып, Мемлекеттік корпорацияға өтінішпен жүгінген кезде тағайындалады.

-БЖЗҚ зейнетақы төлемдеріне жүгінбеген зейнеткерлерге қатысты қандай іс-шараларды жүзеге асырады?

-Телефон нөмірлері еgov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге (әлеуетті алушыларға) зейнет жасына толғанға дейін 2 ай қалғанда 1414 нөмірінен зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорацияның жақын жердегі бөлімшесіне уақытылы жүгіну мүмкіндігі туралы SMS-хабарлама жіберіледі. Онда egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізіміне сілтеме беріледі. Яғни, мемлекеттік органдар зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде ресімдеу үшін тиісті хабарламалар жібереді. Себебі, өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі Көктөбе ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы

Сәбденбай Тынышбек Мұсабекұлының қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Көкала—(Конго—Қырым қанды геморрагиялық қызбасы)—табиғи ошақтары бар, вирустар арқылы берілетін, дүниежүзінде кең тараған аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Облыс бойынша аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жататын Конго-Қырым қанды геморрагиялық қызбасы ауруынан жыл сайын эпидемиологиялық ахуал тұрақтанбай, қолайсыз жағдай сақталуда. Шымкент обаға қарсы күрес станциясының көп жылдық зерттеулер қорытындысы бойынша қазіргі таңда КҚГҚ вирусының

рынан, ішегінен қан кетуі мүмкін. Бұл жағдай 3-7 күнге созылады. Асқазан мен ішекке қан кеткенде, адамның үлкен дәреті қараяды. Тістерінің түптері босап қанаиды, тіпті аузы-мұрнынан бірнеше күн қатарынан қан кетуі мүмкін. Осының салдарынан науқастың жағдайы нашарлап, әлсірейді, жүректің соғуы жиілейді. Науқастың терісінде укол салғанда немесе жгутпен қысқанда тері астына қан құйылып көкала дақтар пайда (көкала қойдай) болады. Уақтылы дәрігерлерге қаралып ем-

Конго-Қырым қанды қызбасынан сақтаныңыз

негізгі және қосымша тасымалдаушысы болып табылатын кенелердің 15-ке жуық түрі облыс аумағында анықталған.

Кененің белсенділігі туралы: Н.Asomaticum кене түрінің белсенділігі наурыз айының III-ші он күндігінен бастап, маусым айының екінші он күндігі аралығында және қыркүйек айынан бастап, қазан айының I-ші он күндігі арасында болса, Н.Anatolicum түрінің мамыр айының үшінші он күндігі мен қыркүйек айының бірінші он күндігі аралығында белсенділік танытады.

Аурудың белгілері: аяқ астынан тез басталады, адамның басы қатты ауырып, денесі дел-сал болады, әлі құрып, тамаққа табеті шаппайды, белі сырқырайды. Адам денесінің қызуы 40 градусқа дейін көтеріледі, келесі күні лоқсып, құсқысы келеді, іші өтеді. Сосын беті ісініп, қызарады, тілінің үсті ағарады. Сырқат басталғаннан 2-4 күн өткен соң ауру адамдардың мұрнынан, құлағынан, тіс еттерінен, жаты-

делмеген жағдайда науқастың қайтыс болуы мүмкін. Конго —Қырым қанды геморрагиялық қызбасының жеңіл өтетін түрі де болады. Мұндайда адамның дене қызуы ұзаққа созылмайды, тері астына қан кетіп, тіс түптері қанталайды. Бір – екі рет мұрнынан қан кетеді, содан кейін адам 7-10 күннің ішінде жазылады. Ал кей жағдайларда геморрагиялық қызба ауруынан жазылу бір жарым – екі айға дейін созылуы мүмкін.

Кене шаққан жағдайда терідегі кененің үстіне май тамызып кенені пинцетпен немесе жіппен байлап жайлап ырғап-ырғап шығарады. Кенені езіп өлтіруге болмайды. Сосын тездетіп дәрігерлерге қаралу қажет.

ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.

Вакцинацияның тиімділігі мен қауіпсіздігі

Вакцина—әлсіреген немесе өлтірілген микроорганизмдерден, олардың метаболизм өнімдерінен немесе адамдар мен жануарларды вакцинациялау үшін қолданылатын микроб жасушаларының немесе вирустардың жеке антигендік компоненттерінен жасалған препарат. Вакцинация (немесе егу) — инфекцияның алдын алатын немесе оның салдарын әлсірететін жұқпалы ауруға қарсы иммунитетті тудыру мақсатында адам ағзасына вакцинаны енгізу.Вакциналық профилактика — белсенді спецификалық иммунитетті құру арқылы жеке адамдарда және қоғамда жұқпалы аурулардың дамуын болдырмау мақсатында вакциналарды қолдану.

Барлық вакциналар медициналық иммунобиологиялық препараттар болып табылады, себебі олар дәрігердің қадағалауымен енгізіледі және арнайы технологияны қолдана отырып өңделген патогенді қамтиды, оған қарсы иммунитетті құру жоспарлануда. Вакциналар тек өздері тағайындалған аурулардан қорғайды. Дәрілік заттардың стерилділігі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және дәрілік заттардың қауіпсіздігін бақылау үшін халықаралық ұйымдар ұсынған консерванттармен қамтамасыз етіледі. Бұл заттар адам ағзасына енгізуге рұқсат етілген. Вакци-

налардың толық құрамы оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген. Егер адамда белгілі бір вакцина-ның құрамдас бөліктерінің кез келгеніне ауыр аллергиялық реакция болса, онда бұл әдетте оны енгізуге қарсы көрсетілім болып табылады.

Иммунизацияның арқасында жер бетінде шешек жойылып, полиомиелит жойылуға жақын. Иммундау дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден және қызылшадан жыл сайын 2-3 миллион өлімнің алдын алады. Қазақстанда жұқпалы ауруларға қарсы иммундау балалардың және бүкіл халықтың денсаулығына мемлекеттің көшпенді қамқорлығының бір бөлігі болып табылады. Ең үздік әлемдік тәжірибе негізінде екпе күнтізбесін үздіксіз жетілдіруге, оған жаңа тиімді вакциналарды енгізуге ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес дифтерия, көкжөтел, сіреспе, қызылша, қызылша, полиомиелит, туберкулез, эпидемиялық паротит, В гепатиті, H1N1, пневмококк инфекциясы бойынша жоспарлы иммундауды жүзеге асыру көзделген. Қазақстан Республикасында вакцинация күнтізбесі бойынша егу оңай және тегін. Елімізде вакциналар мен инъекциялық материалдардың сапалы жеткізілуін

қамтамасыз ететін заңнамалық база бар, вакциналарды болжау және сатып алу процесі бар, олардың рөлін жақсы түсінетін және бұл жұмысты атқарып жатқан тиісті органдар бар. Ұлттық күнтізбеде қолданылатын вакциналардың сапасына ДДҰ алдын ала квалификациясы арқылы кепілдік беріледі. Профилактикалық егу жоспары негізінде қауіпсіз, уақтылы, сапалы және толық иммундаумен қамтамасыз етуге кепілдік беретін вакциналар мен қауіпсіз иммундау құралдарына қажеттілік есептеледі. Вакцинация—балаларды көптеген жұқпалы аурулардан қорғаудың ең тиімді құралы. Вакцинация - баланы ауыр аурудан қорғаудың ғылыми дәлелденген ең қауіпсіз және тиімді әдісі. Вакцинацияның арқасында қауіпті инфекциялардың эпидемиясын тежейтін халықтың қорғалған қабаты қалыптасады. Қазақстан Республикасында балаларды вакцинациялау Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес, дәрігердің алдын ала тексеріп-қарауынан кейін, қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда және заңды өкілдерінің бірінің өрікті келісімі бойынша жүргізіледі.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Тылсым табиғатты өрттен сақтайық

Көктем келіп, орман-тоғайларда өрт маусымы басталды. Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары бола-

шағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Талғат САДУОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің шебері.



ерлікті жолдары туралы әңгімесін айтқанда мен келесі бөлмеде отырып тыңдап отырдым. Сонда Қыдырәлі көкеміздің отбасының соғыстың алдында да көрмегені жоқ екен. алдымен Кеңес өкіметі әкесі Дүйсебекті бай-құлақ деп қуғынға алып, жер аударып, соттап, мал-мүлкін тартып алады. Ауыл айнала ағайындары да қуғынға түседі. Сондай зобалаңды жылдарды жастайынан көріп өскен бозбала жігіт өз еркімен майданға сұранып, әкесінің жазықсыз екенін, оны өз қанымен, ерен ерлігімен, отанға шын берілген азамат екендігін нақты ісімен дәлелдеуге ұмтылады. Әкесі сол кудалаудың кезінен көз жұмады. Осылайша батыр ұлан жаудан кегін қайтару жолында ерен ерліктің түрін көрсетеді. Қаншама рет жараланса да қайта түрегеліп майданның қан құйлы алдыңғы шебіне сұранып тұрып алады.

Дүйсебекұлы Қыдырәлі көкеміз кім? Қандай жауынгер болған?

Дүйсебекұлы Қыдырәлі 1924 жылы

соғысына аттанған. Майданда бөлімше командирінен бастап сержант шенінде, 1943 жылы взвод командирі орынбасары, кіші лейтенант шенінде соғысқа қатысып, майданда көрсеткен әрбір ерлігі үшін шен берілген. 1943 жылдың 28 қаңтарында қатты жараланып әскери госпиталда үш ай емделіп қайта майданға аттанған. 1944 жылдың наурыз айынан бастап взвод командирі болған. 1944 жылдың 28 қазанда тағы да қайта жараланып 17 қарашаға дейін әскери госпитальда емделген. 1945 жылы 20 қаңтарда майдан даласында ауыр жараланып әскери госпиталға түскен. 1945 жылдың 9 наурызында қайта майданға шығып, майдан жолын 72-ші гвардиялық атқыштар полкінде аяқтаған. 39-шы Армия құрамында Витекск, Таураге, Пилькалпен, Курск доғасын және де басқа да қалаларды азат етуге қатысқан. Ұлы Отан соғысын Жеңіспен аяқтап, 1945 жылы 9 мамыр-



шілік меңгерушісі, бөлім бастығы қызметтерін атқарған. 1962-1963 жылдары Сызған совхозының бас қойма меңгерушісі, 1964-1972 жылдары гидротехник, 1973-1979 жылдары совхозда мал дәрігері қызметін атқарған. 1979 жылы зейнеткерлікке шыққан. 1944 жылдан коммунистік партия мүшесі, 1949 жылы Омск қаласындағы ішкі істер министрлігінің жанындағы қосымша

«ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗДЫ» батыр

Қозмолдақ пен Сызғанның ортасында үстінде қоңыр плашы бар өзінен өзі сөйлеп жүретін майдангер көкеміз болатын. Ол уақытта мен Сызған совхозының гаражында жұмыс істейтінмін. Майдангер көкеміз тура жолдың жиегіндегі біз жұмыс жасайтын гараждың ішіне кіргеннен ол кісіні көрген совхоздың механизатор-шоферлері:

«Ассалаумағалейкум көке!»-деп жапырлап барып амандасып жататын. Кейін білгенімдей Қыдырәлі көкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері, сол алапат майданда бір емес бірнеше мәрте бетінен, кеудесінен, жамбасынан жарақат (контузия) алған қайсар жауынгер екен. Ешкімге зияны жоқ, өзімен өзі сөйлеп, амандасқан кісі болса қал жайын, әкесі мен шешесін сұрап, жас жігіттер болса кімнің баласы екенін сұрап әңгімесін айтып жөніне кететін. Бір жолы гараждың есепшісі, аудандық газетке жиі-жиі мақала, өлеңдерін жазып тұратын Қуанышбек Жүнісов көкеміздің жұмыс бөлмесіне келіп майдандағы

17 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Созақ ауданы Молотов ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Созақ ауылында В.И. Ленин атындағы орта мектеп жанындағы интернатта өзге де ауыл балаларымен бірге жеті жылдық білім алған. 1932 жылы әкесі Айтуұлы Дүйсебекті сол кездегі бай-қуатты отбасылардың қатарында болғандықтан қуғын-сүргінге ұшыратып, мал басын, дүние мүлкін тәркілеген. Қызыл өкіметтің қан құйлы әрекетінен жан дүниесі күйзелген әкесі Дүйсебек сол жылы дүниеден өткен. Ал анасы Нұрмағанбетқызы Шолпан 1941 жылы қайтыс болған. Артында қарайлаймын дейтін әкесі, не болмаса анасы да жоқ Қыдырәлі Кеңес әскері қатарына (соғысқа) өзі сұранып бағады, бірақ жасы келмейді. Ақырында 1942 жылдың жетінші қыркүйегінде аудандық әскери комиссариат арқылы әскер қатарына шақыртылып, 1942 жылдың 12 желтоқсанында әскери ант қабылдап, тіке Ұлы Отан

дағы Мәскеу қаласында болған Жеңіс шеруіне қатысып, 1945 жылдың қыркүйек айында Қиыр Шығыстағы Жапон соғысына аттанған. Кіші Хинган, Үлкен Хинган, Гоби шөлдерін басып өтіп орасан ерліктер көрсеткен. Одан кейін 1947 жылдың қарашасына дейін Порт-Артур қаласында әскери қызметте болған. Сол жылы бас қолбасшы Генералиссимус И.В. Сталинге хат жолдап әскерден босатылған. 1947 жылы елге оралған. Елге келген соң 1954 жылдың 13 мамыр айына дейін НКВД бөлімінде қызмет атқарған. 1955 жылы 28 сәуірге дейін Қаратау геологиялық экспедициясында бақылаушы қызметін атқарған. 1956 жылы Мырғалымсай поселкесінде кеңсе қызметкері-әскери есеп столының бастығы болған. Сол жылы наурыз айынан бастап Кентау қалалық қаржы бөлімінің инспекторы, 1958-1961 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық мемлекеттік техникалық бақылау басқармасының әкім-

офицерлік курста оқиды, одан елге келген соң 1966 жылы Қаптанбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын малдәрігері мамандығы бойынша бітірген.

Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті азат еткені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысының 10, 20, 30, 40, 50, 60, 65 жылдық мерекелік», «генерал Жуков», «Астана қаласының 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Жары Оспанқызы Рысбикемен екеуі отбасында төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп 2010 жылы 6 қыркүйекте дүние салған. Биылғы жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында ардақты батыр ұл көзі тірі болғанда ғасыр тойын тойлап жүрер еді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Қонақов Молдабек 1943 жылы 1 қазанда Созақ аудандық әскери комиссариатынан 19 жасында өз еркімен әскер қатарына шақырылады. 1944 жылдың маусым айында 965 атқыштар полкінің құрамында Белорусь майданында соғысқан. Неміс-фашист басқыншыларынан Познань, Люблин, Варшава, Польша қалаларын азат еткен. «Висла-Одер», «Одер-Берли» ірі әскери операцияларға қатысқан. Одан кейін 274-ші атқыштар дивизиясы құрамында соғысқан. Жеңісті Эльба қаласында қарсы алған. Соғыстағы ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ» орденін, «Қызыл жұлдыз» орденін, «Ерлігі үшін» медалін иеленген. Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Молдабек Қонақов соғыстан аман-есен оралғасын елдің дамуына өз үлесін қосқан. «Созақ» қаракөл қой совхозында сиыршы, су мұрап болып еңбек етті. Жұбайы Әлима екеуі Гүлайша, Ажар, Ізет, Қамшыбай, Қойшыбай, Жолшыбай, Еркінбай, Жауһар, Гауһар, Насреддин, Жұмагүл, Мұсылманқұл атты он екі баланы дүниеге әкеліп, олардың білім алуларына, жұмысқа орнала-

Хас батыр Қонақов Молдабек



суына, жеке-жеке отбасын құрып шаңырақ көтеруіне ата-аналық міндетін адал атқарған азамат. 1985 жылы соғыс салған жарақаттан дүниеден өтті.

Мына бір награда қағазында былай деген екен:

Награда парағы

Қызыл әскер Қонақов Молдабек. III дәрежелі Даңқ орденіне ұсынылады. Ұлты қазақ. ВЛКСМ мүшесі.

Красноармеец Кунаков участник боев при прорыве глубоко эшальонированной обороны противника на западном берегу реки Висла 14.001.1945 года. А также участник боев при преследовании противника до реки Одер. 16.01.1945 года действия в составе роты отразил контратаку противника с танками и самоходными орудиями.

2. В этом бою товарищ Кунаков

унижтожил 2-немцов. 6.02.1945 года действующая в составе взводом в разведке т.Кунаков взял плен в немецких солдат. В бою действовал смело и решительно. Т. Кунаков достоин правительственной награды Ордена «Слава III степени».

Қонақов Молдабек 1945 жылы 9 мамырда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы атынан «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», 1944 жылы 22 қазанда «Ерлігі үшін» медалімен, 1945 жылы 14 қаңтар, 16 қаңтар және 6 ақпан күндері №965-ші атқыштар полкі құрамында болып, кескілескен шайқастағы ерен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. 20 наурыз 1945 жылы 274-ші атқыштар дивизиясы құрамында «За боевые заслуги» медалімен марапатталады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманжол КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №224.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.